

Шет ел кредиттері жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 4 мамыр 1994 ж. N 478

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шет ел кредиттерін тарту, пайдалану және есепке алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1607 К941607_

қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді.

Қоса беріліп отырған:

Шет ел кредиттері жөніндегі комиссия туралы;

Шет ел кредиттері жөніндегі комиссияның жеке құрамы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 4 мамырдағы
N 478 қаулысымен
Бекітілген

Шет ел кредиттері жөніндегі комиссия туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

Шет ел кредиттері жөніндегі комиссия (бұдан былай - Комиссия) Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шет ел кредиттерін тарту мен пайдалануға байланысты мәселелерді қарайды, сол мәселелер бойынша үкімет шешімдерін дайындауды жүзеге асырады, сондай-ақ министрліктердің

, ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың осы бағыттағы қызметін үйлестіреді.

II. Комиссияның негізгі мақсаттары мен міндеттері

Комиссияның негізгі мақсаты - тиісті басымдықты, ынталандыруды және кепілдікті пайдалануды көздейтін шет ел кредиттерін тарту, пайдалану және есепке алу жөніндегі мемлекеттік саясат әзірлеу және оның жүзеге асырылуын бақылау болып табылады.

Комиссия негізгі мақсаттарға сүйеніп:

Шет ел кредиттерін тарту және оны одан әрі пайдалану туралы шешім қабылдайды; жобаларды тиімді қаржыландыру мәселелерін және бөлінетін валюта қаражатын өтеудің тетігі мен кестесін қарайды;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің нақтылы инвестициялық жобаларды қаржыландыру туралы қаулыларының жобаларын қарайды;

Үкімет кепілдігімен қамтамасыз етілген Қазақстан Республикасының Сыртқы қарызының лимиті бойынша және тартылатын кредиттердің жалпы жылдық сомасы, оның ішінде тауар сатып алудың жалпы көлемі бойынша ұсынысын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етеді;

валютамен орны жабылмайтын әлеуметтік саладағы жобаларды қаржыландыруға арналған шет ел кредиттерінің көлемі бойынша аталған сома шегіндегі ұсынысын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етеді;

келесі қаржы жылында шет ел кредиттері есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың және тауарлар сатып алудың индикативті тізбесінің жобасына қарап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етеді;

үкіметаралық деңгейде шет ел кредиттерін тарту туралы Басты (бас) келісімнің тиімділігі, шарттары және тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс әзірлейді;

мемлекеттік шет ел кредиттерін тарту мен қамту үшін өкілетті банктерді тағайындау туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар әзірлейді.

III. Комиссия қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері

1. Комиссияны Қазақстан Республикасының Премьер-министрі - Комиссия төрағасы басқарады.

2. Комиссия құрамына лауазымы бойынша: Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары, Экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің және Қазақстан

Республикасы Ұлттық банкінің басшылары кіреді.

3. Комиссия өз мәжілісін кемінде айына бір рет өткізеді.

4. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Шет ел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттік болып табылады.

5. Шет ел кредиттерін тартуға байланысты іс-қимылды бақылау мен үлестіруді Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының экономикалық саясат бөлімі жүзеге асырады.

6. Комиссия мүшелерінің бірі болмай қалған жағдайда мәжіліске оның лауазымы бойынша орынбасары қатысуға тиіс.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 4 мамырдағы
N 478 қаулысымен
Бекітілген

Шет ел кредиттері жөніндегі комиссияның

ҚҰРАМЫ

Комиссия төрағасы - Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі С. А. Терещенко

Комиссия төрағасының орынбасары - Қазақстан
Республикасы Премьер-министрінің бірінші
орынбасары Ә. М. Қажыгелдин

Комиссия төрағасының орынбасары - Қазақстан
Республикасы Премьер-министрінің орынбасары
Қазақстан Республикасының Сыртқы Экономикалық
байланыстар министрі С. Ж. Әбішев

Комиссия мүшелері:

Қазақстан Республикасының Экономика министрі М. Ф. Үркімбаев
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Е. Ж. Дербісов
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасы
төрағасының бірінші орынбасары О. Ә. Жандосов

Комиссия секретариаты:

Қазақстан Республикасы Экономика министрінің
бірінші орынбасары С. А. Аханов
Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер
Кабинеті Аппаратының Экономикалық саясат
бөлімінің меңгерушісі Е. Ә. Өтембаев
Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер
Кабинеті Аппаратының сыртқы байланыстар бөлімі
меңгерушісінің бірінші орынбасары Ә. Ә. Төкенов